

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкінің арасындағы Почта саласын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру жобасын егжей-тегжейлі зерттеуді дайындау жөніндегі Техникалық көмек (грант) туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 304 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкінің арасындағы Почта саласын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру жобасын егжей-тегжейлі зерттеуді дайындау жөніндегі Техникалық көмек (грант) туралы 2002 жылғы 3 қазанда Астана қаласында жасалған келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 28 наурыздағы

N 304 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкінің арасындағы Почта саласын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру жобасын егжей-тегжейлі зерттеуді дайындау жөніндегі техникалық көмек (грант) туралы келісім

Бірлесіп Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - "Үкімет" деп аталатын) мен Ислам Даму Банкі (бұдан әрі - "Банк" деп аталатын) арасындағы келісім 2002 жылғы 3 қазанда жасалды.

осы Келісімге қосымшада сипатталған Қазақстан Республикасының почта саласын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру жобасын егжей-тегжейлі зерттеуді (бұдан әрі - "Зерттеулер" деп аталатын) қаржыландыру үшін Үкімет Банктен техникалық көмек беруді сұрағанын ескере отырып;

Банктің төменде анықталған талаптар мен мерзімде техникалық көмек беруге келіскенін ескере отырып;

осымен, Тараптар төмендегілер туралы келісті:

1-бап. Гранттың сомасы

Банк Үкіметке 178890 (бір жүз жетпіс сегіз мың сегіз жүз тоқсан) Ислам динарынан аспайтын, шамамен 230 000 (екі жүз отыз мың) АҚШ долларына баламалы тең сомада техникалық көмек (грант) береді.

2-бап. Келісу

2 . 0 1 - б ө л і м

Үкімет осымен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін Консультант және Банкпен өзара іс-қимыл жөніндегі және осы Келісімнің күшінде Үкіметке жүктелген міндеттемелерді орындау үшін тікелей жауапты өкілетті орган етіп тағайындайды.

2 . 0 2 - б ө л і м

Зерттеу жүргізу үшін атқарушы орган болып "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазпочта" ААҚ) белгіленеді. "Қазпочта" ААҚ зерттеу жүргізу кезінде жергілікті шығыстарды жабу үшін бірлесіп қаржыландыруға 60 000 (алпыс мың) АҚШ долларын береді.

3-бап. Грант сомасын беру және пайдалану

3 . 0 1 - б ө л і м

Грант сомасы Банктің төлем рәсімдеріне сәйкес төленетін болады.

3 . 0 2 - б ө л і м

Грант қаражаты тек зерттеу құнын жабу үшін шетел валютасында пайдаланылатын болады.

3 . 0 3 - б ө л і м

Бірінші төлемге өтініш беру күні

Егер "Қазпочта" ААҚ мен Банк арасында келісуге болатын 2003 жылғы 30 маусымға дейін немесе осындай басқа неғұрлым кештеу мерзімге "Қазпочта" ААҚ Банкке бірінші төлем жүргізу үшін өтінім бермесе, Банк Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне тиісті жазбаша хабарлама бергеннен кейін осы Келісімді бір жақты тәртіппен бұза алады.

3 . 0 4 - б ө л і м

Ж а б у к ү н і

Егер Грант сомасының кез келген бөлігі "Қазпочта" мен Банктің арасында келісілуге болатын 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейін немесе осындай басқа неғұрлым кештеу мерзімге төленбесе, Банк "Қазпочта" ААҚ мен консультациялардан кейін Гранттың төленбеген сомасының бөлігін жоя алады.

4-бап. Зерттеу жүргізу

4 . 0 1 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ Зерттеу жүргізуге жәрдемдесу мақсатында, "Қазпочта" ААҚ Банкпен консультациялар жүргізу жолымен Банктің рәсімдеріне сәйкес іріктеу жүргізеді және Консультанттың көрсеткен қызметтеріне келісім-шарт жасайды.

4 . 0 2 - б ө л і м

Консультант "Қазпочта" ААҚ мен Банк арасында Консультант шақыруға дейін

ұсыныс жасауға жазбаша түрде келісілетін осындай Техникалық тапсырма алады. Техникалық тапсырма "Қазпочта" ААҚ мен Банк арасындағы жазбаша келісу жолымен өзгертілуі мүмкін.

4 . 0 3 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ Банкпен бірлесіп, сайламалы Консультантпен нәтижесі "Қазпочта" ААҚ мен Банктің түпкілікті қабылдау мәні болып табылатын келіссөздер жүргізеді.

5-бап. Үкімет пен атқарушы органның міндеттері

5 . 0 1 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ қабылданған қаржылық және әкімшілік практикаларға сәйкес Зерттеудің уақтылы және тиімді жүргізілуін қамтамасыз ету үшін Банкпен және Консультантпен ынтымақтасады және бұл үшін, егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін болса, Зерттеуге қатысты барлық қолда бар ақпаратты Консультантқа ұсынады.

5 . 0 2 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ Зерттеу үшін жұмыстарды жүргізуге қажет ететін Техникалық тапсырмада неғұрлым толығырақ көрсетілетін осындай персоналды, жабдықтарды және басқа да қызметтерді немесе ыңғайлы жағдайларды Консультантқа өтеусіз негізде ұсынуды қамтамасыз етеді.

5 . 0 3 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ зерттеу жүргізу кезінде жәрдемдесу және Консультантпен ынтымақтасу үшін толық жұмыс күніне білікті жергілікті қосымша персонал ұсынуды қамтамасыз етеді.

5 . 0 4 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ Зерттеудің құнын жабу үшін жергілікті валютада қажетті қаражатты, сондай-ақ оларды жүргізу кезінде туындауы мүмкін құнның кез келген асып түсуін қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

5 . 0 5 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ Консультантқа Банктің негізді түрде сұрауы мүмкін мөлшер мен нысанда осындай есептер мен жобаларды, жоспарларды, сызбаларды, ерекшеліктерді, жұмыс кестелерін және шығыстар сметаларын қоса алғанда, сондай-ақ, Зерттеу мақсатында Консультант дайындаған құжаттардың көшірмелерін, басқа да елеулі ақпараттарды, Банкке ұсынуды тапсырады.

5 . 0 6 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ өз құзыреті шеңберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің тіркелген өкілдерінің Зерттеу жүргізуге байланысты барлық жерге және ғимараттарға еркін кіруін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды.

5 . 0 7 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ техникалық көмек (грант) қаражатын пайдалану мен Зерттеу

жүргізу барысын бейнелеу үшін (оның құнын қоса алғанда) жеткілікті жағдайда есептер мен есептеулерді жүргізетін болады немесе жүргізуді тапсырады.

5 . 0 8 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ жұмыс барысының егжей-тегжейін, кездесетін проблемаларды, қабылданған іс-қимылдарды және басқа да мезгіл-мезгіл Банк сұратуы мүмкін мән-жайларды көрсете отырып, тоқсан сайынғы есептерді Банкке ұсынып отырады.

5 . 0 9 - б ө л і м

Консультанттың түпкілікті есебі ұсынылған сәттен бастап 90 (тоқсан) күн ішінде "Қазпочта" ААҚ, осы Келісімге сәйкес және Банк ұсынған Зерттеудің мақсатқа қол жеткізуі шеңберінде техникалық көмектің нәтижелерін бағалау жөніндегі есепті Банкке ұсынады.

5 . 1 0 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ Зерттеу мақсатына қол жеткізуге байланысты қызмет көрсетуге және осы Келісім бойынша міндеттемелердің орындалуына ықпал ететін немесе ықпал ету қаупі бар кез келген жағдайлар туралы Банкті уақтылы хабардар етеді.

5 . 1 1 - б ө л і м

(а) Консультанттың сыйақысына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық салынатын болады. Консультанттың төлеген кез келген салықтары немесе басқа да міндетті төлемдері Грант қаражатынан төленбейді және "Қазпочта" ААҚ қ а р ж ы л а н д ы р а д ы .

(б) "Қазпочта" ААҚ өзінің қаржылық ұсынысын бергенге дейін Қазақстан Республикасының бюджетіне түсетін барлық салықтар мен басқа да міндетті төлемдер туралы Консультантты хабардар етуге міндеттенеді.

5 . 1 2 - б ө л і м

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Үкімет мыналар бойынша ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы :

(а) Зерттеу жүргізу мақсатында Қазақстанның аумағына әкелінетін және осы аумаққа әкелінгеннен кейін әкетілетін кез келген жабдықтарды, материалдарды немесе керек-жарақтарды салықтардан, кедендік және басқа да төлемдерден (акциздік ж и н а л ы м д а р д а н б а с қ а) б о с а т у ;

(б) Зерттеу жүргізу үшін және Консультант пен оның персоналының жеке қажеттілігіне қажетті кез келген жабдықтарды, материалдар мен керек-жарақтарды уақтылы кедендік рәсімдеу. "Қазпочта" ААҚ барлық ресми кедендік талаптарды уақтылы шешуге жәрдемдеседі.

5 . 1 3 - б ө л і м

Қазақстан Республикасында белгіленген рәсімдерге сәйкес "Қазпочта" ААҚ мыналар бойынша шаралар қабылдайды:

(а) Консультант пен оның персоналының Республикаға келу және одан кету визаларын рәсімдеу үшін талап етілетін құжаттарды уақтылы ұсыну және Қазақстан

Республикасының ішкі істер органдары мен Сыртқы істер министрлігінде тіркеуді
қ а м т а м а с ы з е т у ;

(б) Зерттеу жүргізу үшін барлық қажетті рұқсаттар мен сенім хаттарды беру.

6-бап. Есеп берушілік және әр түрлі

6 . 0 1 - б ө л і м

"Қазпочта" ААҚ мен Банк мезгіл-мезгіл, қандай да бір Тараптардың сұрауы бойынша техникалық көмекті (грантты) жүзеге асыруға қатысты пікір алысады және Консультант дайындаған кез келген есеп бойынша және осы есептерде ұсынылған кез келген ұсынымдарды қабылдау жөнінде консультация алмасады.

6 . 0 2 - б ө л і м

Банк Консультант дайындаған кез келген есепті, Банк қажет деп есептейтін кез келген мақсатқа пайдалана алады, бірақ бұл есептер, егер ол "Қазпочта" ААҚ мен Банк арасында өзгеше келісілмесе жарияланбайды.

6 . 0 3 - б ө л і м

Осы Келісімге сәйкес Банктің жәрдемдесу шарттары Консультанттың кез келген ұсынымдарын қабылдауға қатысты Банкті Үкіметке қаржылай немесе одан әрі техникалық жәрдемдесуді жалғастыруға міндеттемейді.

7-бап. Хабарлама

Бір Тараптың екінші Тарапқа жіберген кез келген жазбаша хабарламасы, егер ол қолдан қолға берілсе немесе телефон, почта немесе телекс бойынша мына мекен-жайлардың біреуіне жіберілсе, ол тиісті түрде ұсынылды деп саналатын болады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін:
Қазақстан Республикасының Көлік және
коммуникациялар министрлігі
Қазақстан Республикасы
473000, Астана қаласы,
Абай даңғылы, 49
Телефон:(3172) 326277, (3172) 322994

Факс: (3172) 321058

Ислам Даму Банкі үшін:
Почта жәшігі: 5925
Джеддах - 21432

Сауд Арабия Корольдігі
Телеграф: BANKISLAMI JTDDAN
Телекс: 601137 ISDB SJ

Факс: 6366871 JEDDAH

8-бап

Осы Келісімге өзгерістер өзара келісім бойынша жазбаша нысанда енгізілуі мүмкін. Кез келген мұндай өзгерістер осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қабылдау жөнінде даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер және консультациялар жолымен шешеді.

10-бап

Осы Келісім Қазақстан Республикасының ішкі рәсімдері аяқталғандығының хабарын Банк алған күннен бастап күшіне енеді.

Жоғарыда көрсетілгендерді растай отырып, тараптардың уәкілетті өкілдері ағылшын тіліндегі екі данада осы Келісімге оның кіріспесінде көрсетілген күні қол қойды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін
және оның атынан:

Қазақстан Республикасының Көлік
және коммуникациялар министрі

Ислам Даму Банкі үшін
және оның атынан

Қосымша

Зерттеуді сипаттау

Техникалық тапсырма мыналармен тұжырымдалады:

1. Қазақстан Республикасының почта саласында бар басқарушылық және ұйымдастырушылық құрылымын зерттеу және оны жаңғырту үшін қажетті кез келген өзгерістерді және банкинг сияқты коммерциялық қызметтің бөлшек сауда секторын басқаруды қоса алғанда, коммерциялық өміршең ұйымдар үшін болашақ қарсы тараптарды ұсыну және т.б.;

Почта қызметтерінің жұмысын жақсарту және кеңейту мақсатында қаржы ағындарының дамуын және почта операциялары мен жедел почта қызметтерінің маркетингілік аспектілерін болжау.

2. Коммерциялық операциялар үшін почта қызметтерінің қаржы бюджетін қарау және талдау, ағымдағы шығыстарын азайту, кірісін ұлғайту және бюджет жүйесін дайындау.

3. Қазақстан Республикасы почта қызметтерінің сенімді дерек қорын алу үшін қажетті деректер жинау бойынша іс-қимылын орындауды зерделеу.

4. Почта қызметтерінің негізгі функциялары үшін компьютерлендірілген Ақпарат Жүйесін Басқарудағы (АЖБ) қажеттілікті зерделеу, егер қажеттілік туындаса, Ұлттық және Өңірлік өкілдіктерге орнатуға болатын қажетті жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді ұсыну.

5. "Қазпочта" ААҚ банк операцияларындағы зерделеу және жақсартуды ұсыну.

6. Почта саласының қолда бар құқықтық құрылымын зерделеу және қазіргі заманғы іс-қимылдар үшін қажетті заңдарға сәйкес өзгерістер ұсыну.

7. Почта қызметтерінің құрылымын зерделеу және қажет болған жағдайда

Қазақстан Республикасы почта қызметтерінің жұмысына нормативтік құқықтық реттеу бойынша тиісті ұсынымдар енгізу.

8. Почтаны жаңғыртудың бір бөлігі ретінде көтергіш жабдықтар (айырбасты көтергіштер, астына қоятын домкрат), сұрыптау машиналары, көшедегі почта жәшіктері, Сату Жүйесінің бөлшек сауда нүктелері, екі радио жолы (жергілікті жеткізу көлік құралдары үшін біршама қауіпсіз жақсы және жеделдетіп қызмет көрсету үшін) және т.с.с. қажетті жабдықтарды, яғни құны мен техникалық ерекшеліктері егжей-тегжейлі жазылған қажетті жабдықтың толық тізімін ауыстыру, жаңғырту немесе сатып алу қажеттілігі мен жүзеге асырылуын анықтау үшін егжей-тегжейлі зерттеу жасалуы тиіс.

9. Кадрларды даярлаудың және адам ресурстарын дамытудың қажеттілігін зерделеу.

10. Почтаны өңдеуді толық автоматтандыру және Банк үшін жобалау құжаттарын әзірлеуді қоса алғанда, ақша аударымдарының, жинақтау және сақтандыру қызметінің барлық түрлерін компьютерлендіру үш сатыдан (қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді) тұратын инвестициялық жоспарды дайындау.